Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналарға кеңес беру "«Ойын арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамыту»	Ата-аналарға арналған кеңес «Баланы кітап оқуға қалай үйретеміз?»	Ата-аналармен жеке сұрақтары бойынша жеке кеңес беру.	-Ата-аналарға арналған «Балабақшадағы балалардың киімі»	Ата-аналармен төлем ақыны уақытылы төлеу туралы сөйлесу.

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Күзгі табиғат»- Міндеті: Қайшы мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. (Шығармашылық іс-әрекеті) Табиғат бұрышындағы еңбек . Гүлдерді қопсытамын. Міндеті:ой өрісін дамыту, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. (қоршаған ортамен таныстыру , Дидактикалық ойын «Қатты-ақырын-сыбырлап» Міндеті: Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау(басы, ортасы). Артикуляциялық жаттығулар жасау. (Қарым-қатынас іс-әрекеті)	Өз еріктерімен құрылыс материалдарымен ойын. Міндеті: Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру. (Шығармашылық іс-әрекеті) Табиғат бұрышындағы еңбек . Гүлдерге су құю. Міндеті: еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға. (Еңбек іс-әрекеті)	Шығармашылық сурет: «Менің күзгі серуенім». Міндеті:заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау. (Шығармашылық іс-әрекеті,бейнелеу іс-әрекеті) «Қандай сөз шықты?» ойыны Міндеті: Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөл (Қарым-қатынас іс-әрекеті) «Сиқырлы қалам»-математикадан саусақтарын жаттықтырып жазуға үйрету. .(Танымдық іс-әрекет)	«Себеттегі көкөністер»- әңгімелеу, мүсіндеу. Міндеті: Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдердегі сөздерді: сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану. (Қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет) Шығармашылық қызмет барысында қазақтың ұлттық әуендерін тыңдауды қосыңыз. Міндеті: Музыка тыңдау.Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру. (Музыка)	«Бос торларды сәйкес пішіндермен толтыр» Міндеті: Геометриялық фигуралар.Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру. .(Танымдық іс-әрекет) «Алтын күз» суретпен әңгімелеу. Міндеті: Туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру. (Қазақ тілі)
Сөздік қор (минимум)	Қызықты, қорек, шықты бақылау	Тіршілік, табиғат құбылыстары	Адам ағзасы, сандық, текшелер	Диалог, мақал-мәтел	Көше тәртібі, оң қол, күн сәулесі
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Дидактикалық ойын «Қай ағаштың жапырағы» Міндеті: өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы	Үстел үсті ойындары «Жемістерді ретімен орналастыр» Міндеті: Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (пішіні) салыстыра білуге үйрету. (Танымдық іс-әрекет)	Дидактикалық ойын «Не қайда жатыр?» Міндеті:Сөздік қор. Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды	Дидактикалық ойын «Ғажайып дорба» Міндеті: Сөздік қор. Азық-түлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран), аңшылық	«Кьюзенер таяқшаларымен » дамытушы ойындар Міндеті: Балаларды үлгіге карап, таяқшалармен ертегі үзінділерін құрастыруға жаттықтыру. (Қарым-қатынас іс-әрекеті,

	және кешке жабылуы, тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін коректендіруі. (Танымдық іс-әрекет)		сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. (Қарым-қатынас іс-әрекеті)	кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы)сөздермен толықтыру. (Қазақ тілі)	шығармашылық іс-әрекет)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	1.Қоршаған ортамен танысу Міндеті: Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну 2 Сөйлеуді дамыту Міндеті: Сөйлемдердегі сөздерді: сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.Сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру; 3. Сауат ашу негіздері Міндеті: Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету. 4. Дене шынықтыру Міндеті: Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау.	1.Математика негіздері Міндеті: Заттардың (5 және одан артық) биіктігін анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. 2. Қазақ тілі Міндеті: Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). 3.Музыка Міндеті: Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. 4.Көркем әдебиет Міндеті: Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып	1.Қоршаған ортамен танысу Міндеті: Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. 2.Сауат ашу негіздері Міндеті: Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету. 3. Қазақ тілі Міндеті: Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). 4. Дене шынықтыру Міндеті: Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау.	1.Математика негіздері Міндеті: Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (оң жақта); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа. 2. Музыка Міндеті: Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. 3. Сөйлеуді дамыту Міндеті: Сөйлемдердегі сөздерді: сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.Сөйлеу әдебін, жай және	1. Сауат ашу негіздері Міндеті: Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету. 2. Математика негіздері Міндеті: Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (оң жақта); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа. 3. Шығармашылық іс-әрекет (Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру құрастыру) Міндеті: Қайшы мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту. Негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнepлeп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау. Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу,

		беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру.		жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру; 4. Көркем әдебиет Міндеті: Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру.	пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану. 4.Дене шынықтыру Міндеті: Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату. Балалардың құрдастарымен кимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау.
Тамақтану	Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қолдарын жуу, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.				
	Жуыну кезіндегі тақпақтар: Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен, Таңертен де кешке де, Жуын күндіз-кешке де, Жуын күндіз-түсте де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезінде, Жуын тұрған мезгілде	Жуыну кезіндегі жұмбақ: Ертемен күнде сен Қолыңа сүйкесең. Кетіп кір ласың,Тап таза боласың. Бұл не? (сабын)	Жуыну: Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін үйрету.	Жуыну кезіндегі тақпақтар: Хош иісті сабынның Көбігіне малынып, Қолымызды жуамыз Барлық кірден арылып	Тамақтану. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру
Балалармен жеке жұмыс	Коммуникативтік дағдылар «Бұны қай кезде киеді?» Міндеті: Балаларға әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндап, сөздік қорын молайту, ауыз екі сөйлеуге баулу. Киім атауларын бекіту. Султан,Гүльназ.	Әлеуметтік дағдылар . «Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата» Міндеті: Балалардың сөздік қорын байыту, қасиетіне қарай суреттерді ажырату, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, саусақ моторикасын дамыту Дилия,Адиль.	Шығармашылық дағдылар «Не артық?» Мақсаты: балаларға суретті топтастырып айтуға , артығын тауып, неліктен артық екенін қорыта білуге жаттықтыру. Ой-өрісін , тіл байлығын дамыту, Тапқырлыққа баулу. Артық затты мүсіндеу.Әділ, Дария.	Коммуникативтік дағдылар «Дауысты дыбыстар» Міндеті: Дыбыстарды дұрыс, анық айтуды бекіту, дауысты дауыссыз дыбыстарды айыра білуге үйрету,дыбыстарын естуі бойынша ажыратуға және анық айтуға жаттықтыру; ой-өрісін дамыту.	Әлеуметтік дағдылар «Балықтардың тіршілігі» Міндеті: Балаларды Балықтардың тіршілігімен толығырақ таныстыру. Синквейн құрастыру. Айзере, Азалия,Ерке Физикалық қасиеттері: Балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері.

				Көрнекіліктер: Дауысты дыбыстар, қызыл түсті карточкалар. Нұрбақыт, Жасмин.	Сәния, Т. Томирис,
Серуенге дайындық	Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту. (Дене шынықтыру)	Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту. (Дене шынықтыру)	Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту. (Дене шынықтыру)	Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту. (Дене шынықтыру)	Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту. (Дене шынықтыру)
Серуен	Бақылау: Шықты бақылау. Мақсаты: Күз ерекшеліктерін көрсете түсіндіру, шықтың пайда болу жолы. Еңбек: Ағаш бұтақтарын жинау. Міндеті: Балалардың бірлесіп жұмыс жасауға баулу, бастаған істерін аяғына дейін тыңғылықты жасауға үйрету. Жеке жұмыс: «Менің Отаным» өлеңін жаттату. Отан – менің ата-анам, Отан-досым, бауырым. Отан-өлкем, астанам, Отан-туған ауылым. Міндеті: Отанын сүюге, құрметтеуге тәрбиелеу.	Бақылау: Тұманды бақылау. Міндеті: Күздегі тұманды бақылау, тұманның қайдан пайда болатынын түсіндіру. Еңбек: Ағаштардың түптерін қопсыту. Міндеті: Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға, оларды күтіп – баптауға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Мақал-мәтел. Таза болса- табиғат, Аман болар – адамзат. Міндеті: Мақал жаттату арқылы баланың сөздік қорын жетілдіріп, сөйлеу мәдениетін, ойлау	Бақылау: Күнді бақылау. Мақсаты: Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле (жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу. Қимылдық ойын: «Таяқшадан аттап өт», «Қуаласпак» Міндеті: Жылдамдыққа, ептілікке баулу. Еңбек: Гүл шоғы. Міндеті: Алаңдағы жапырақтарды жинап, олардан әдемі гүл шоғын жасау. Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуұлы.	Бақылау: Жәндіктерді бақылау. Міндеті: Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады? Мінекей, құмырсқаларды қарандаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр. «Қыстың қамын жаз ойла». Еңбек: Біздің алаң. Мақсаты: Ауладағы жапырақтарды жинау. Балалардың еңбекке ынтасын арттырып, өздігінен еңбек ете білуге үйрету. Жеке жұмыс: Тыйым сөздерді жаттату. Міндеті: «Суға түкірме	Бақылау: Ауа-райын бақылау. Міндеті: Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. Еңбек: «Таза алаң». Міндеті: Аула сыпырушыға көмектесу. Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету. Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуов «Күшік». Міндеті: Ү дыбысының айтылуына жаттықтыру. Тапқакты мәнерлеп айтуға үйрету. Е.Өтетілеуов. «Күшік». Үреді үйшікте

	Патриоттық сезімдерін арттыру. Ойын:«Қояндар секіреді». Мақсаты: Қос аяқпен секіруге үйрету.Ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Қимылдық ойын: «Қаздар мен бақташы». Ойын барысы:Ойыншылардың ішінен қасқыр мен бақташы тандап алады.Басқа балалар болады.Ортадан бір сызық созылады.Ол-қаздардың үйі болады.Бақташы қаздарды жайып шығады.Олар далада жайылып жүреді. Бақташы: Қаздар, қаздар!? Қаздар: га,га,га Бақташы:тамақ жейсіңдер ме? Қаздар: иә, иә, иә. Бақташы: Ендеше ұшыңдар. Қаздар:жок , аш қасқыр бар Жібермейді ол жолда Бақташы: тез ұшыңдар қалайда ! Осы кезде қаздар қанаттарын қағып ұшып бақташыға қарай жүгіреді. Қасқыр ұстағандарын жинап қояды. Екі рет оянғандарында ауысып басқа балаларға кезек береді. Еркін ойындар. (Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет,	қабілеттерін дамыту, балалардың табиғат , денсаулық туралы түсініктерін тереңдету. Ойын: «Біз кішкене отбасы» Міндеті:. Үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.Отбасы мүшелерін дұрыс атауға үйрету. Қимылдық ойын: « Шымшық доп» Ойын барысы: Алаңның ортасындағыбір тағанның үстіне ұзындығы 30 см, ені 6-7 тақтайшаны қисайтып қояды.Оның төменгі жағына кішкене доп қойылады.(Доп дұрыс орналасу үшін тақтайға ойыс жасап қою қажет).Ойнаушылавр тақтайшадан айналып тұрады.Басқарушы тандап алынады.Ол тақтайшаның жоғарырақ тұрған бос шетін аяғымен теуіп қалғанда, доп жоғары секіріп кетеді.Ойнаушылар оны ұстап алады.Допты ұстап алған бала басқарушы болады да, ойын қайталанады. Ойынға бір мезгілде 5-6 баладан қатыса алады. (Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Дене	«Бағдаршам» Міндеті:Бағдаршаммен таныстыру.Жолда жүру ережелерін түсіндіру. Е.Өтетілеуұлы «Бағдаршам» Сақта көше тәртібін Бағдаршамның ал «тілін» Біліпт алдым мен де: Жасыл жанса, демде Алға кетем лезде. Сары жанса , сабыр Сақтай тұрам әзір. Жанса қызыл шоқтай, Қаламын кілт тоқтай. Қимылды ойын: «Үрпек төбет» Міндеті:Тез жүгіре білуге үйрету, жылдамдыққа , батылдыққа тәрбиелеу. Ойын барысы: Балалардың біреуі төбетті бейнелейді; ол ортада отырады.Қалған балалар оған жай ғана жақындай түседі, ал тәрбиеші осы кезде былай дейді: Алдыңғы екі аяққа басын сұғып, Өнекей жалбыр төбет жатыр сұлық, Белгісіз жатқаны ұйықтап, яки қалғып, Момақан, сырт пішіні жуас салғырт Ояталық жақындап барайық та, Қайтер екен содан соң қарайық та.	«, «Нанды баспа», «Дастархан басында кекірме» т.б сөздердің мағынасын айтып түсіндіру. Қимылдық ойын: «Итеріспек» Ойын барысы: Ойын көгалда өткізіледі, үлкен шеңбер сызылады, ортаға екі ойыншы шығады.Егер бір аяқпен секіріп жүріп , екі баланың біреуі екінші аяғын жерге тигізбестен қарсыласын шеңберден итеріп шығарса жеңгені. Аяғын жерге тигізіп алса, жеңілгені.Ойын жалғаса береді. Балалардың өз бетімен ойнауы: 1. Тығылыспақ. 2. Тартқышқа тартылу. 3.Допты қуалау. (Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Дене шынықтыру	Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары ала Біреуі қардай ақ, Біреуі сұр жолақ Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ: Үреді абалап Қимылды ойын:. «Тымпи-тымпи». Міндеті:Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. Ойын барысы:Тымпи-тымпи ойынын бастаушы дөңгеленіп отырған ортасына шығып: «Тым-тырыс, тымпи-тымпи»,- дейді.Осы сәтте қалған адамдар үндемеуге тиіс.Ортаға шыққан адам әр түрлі әзіл, сықақ, қызықты әңгімелер айтып отырғандарды күлдіруге тырысады.Белгілі уақытқа дейін өзінің осындай «өнерімен» ешкімді күлдірте алмаса, жеке адамның жанына барып , соны күлдіртуге күш салады.Әзіл-сықақтары әлсіз, әсерсіз болса, аузы-мұрнын қисайтып, түрлі қолайсыз қимылдар жасап күлдіруге әрекет етеді. Осы сәтте әлгі ойыншы үн шығармауға, ортадағы адамның сұрағына жауап бермеуге тырысады.Ал, сөйлеп , күліп қойса айыпкер саналады. Айыбы үшін өлең айтып би билейді.Айбын өтегеннен кейін ол ортаға шығып,
--	---	--	--	--	---

	зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Дене шынықтыру	шынықтыру	Төбет орынан ұшып тұрып үре бастайды.Балалар қаша жөнеледі.Төбет оларды куа жөнеледі.Балалардың бәрі жан-жаққа қашып тығылады.Төбет қайтадан ортаға отырады .Ойын жаңа бастаушымен қайта басталады. (Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Дене шынықтыру		ойынды басқарып кетеді. (Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Дене шынықтыру
Серуеннен оралу	Жүйелі түрде шешіну, шкафтарға бүктеу, қолды жуу. Шешіну кезінде балаларды шкафқа колготки, шортыны бүктеп салуға шақырыңыз. Суретке қарап , айтып отырып: "Балалар қолдарын жуады".	Киімдерін дұрыс әрі ұқыпты жинауға дағдыландыру, Жуыну кезінде балалардың дербес дағдыларын бекіту.	Өзіңе және өзгеге көмектесуге дағдыландыру, көрсеткен көмекке , Алғыс айта білуге жаттықтыру. Қолдарын жуып жатқанда «қол жуу» тәсілін айта отырып жууларын қадағалау.	Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. Қимыл-қозғалысты үйлестіре отырып, тілдерін жаттықтыру.	Салдыр –салаң болмағын, Саусағыңды сормағын- жуынып жатқанда тілдерін жаттықтыру.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дид. ойын; «Не артық?» (жиһаздар) тауып суретін салу,жапсыру. Міндеті: Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өзбетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау. заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп	Сюжеттік-рөлдік ойын «Аспазшы» Міндеті: еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға	Сюжеттік-рөлдік ойын «Кітапхана» Міндеті: Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдердегі сөздерді: сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.Сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді	Сюжеттік-рөлдік ойын «Құрылысшымы» Міндеті: Еңбекке баулу. Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. (Танымдық іс-әрекет) Дидактикалық ойын: «Не артық?» (тағамдар мен ыдыстар)	Сюжеттік-рөлдік ойын: «Шаштараз»- Міндеті: Байланыстырып сөйлеу.Әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. (Қарым-қатынас іс-әрекеті) Дидактикалық ойын: «Бос торларды сәйкес пішіндермен толтыр» Міндеті: Геометриялық

	жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау. (Танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)	баулу. (Танымдық іс-әрекет) Қолымызды жаттықтырайық-сурет бояу. Міндеті: Заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау. (Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)	қолдану дағдыларын қалыптастыру; (Қарым-қатынас іс-әрекеті) Лего құрастыру . «Ақ-қара» ойыны Міндеті: Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру:Өз бетінше ойдан құрастыруға баулу. (Шығармашылық іс-әрекет)	әңгімелеу, суретін салу, мүсіндеу. Міндеті: Сөздік қор. Азық-түлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран) сөздермен толықтыру. негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау. Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу. (Қазақ тілі, шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)	фигуралар. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру. (Танымдық іс-әрекет)
Балалардың үйге қайтуы	Ата –аналармен балалардың тәртіптері, тазалығы жайлы жеке әңгімелер жүргізу.	Ата-аналармен үйде балаларына қандай кітаптар оқитындары жайлы әңгімелесу. Топтан кітап алып оқуға ұсыныс беру.	Кеңес ««Тұмауды алдын алу	Балалардың тілдерін жаттықтыру үшін тәуелсіздік мерекесіне тақпақтар жаттауға көңіл бөлу жөнінде әңгіме жүргізу.	Балаларды сайыстарға қатыстыру жөнінде әңгіме жүргізу.

Әдіскер:



Борсанова А.С

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Жамбыл жалпы білім беретін мектеп»

Топ: мектепалды «А» сыныбы

Балалардың жасы- 5 жастағы

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)– 20-24 қараша 2023 ж.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 20.11.23	Сейсенбі 21.11.23	Сәрсенбі 22.11.23	Бейсенбі 23.11.23	Жұма 24.11.23
Балаларды қабылдау	Әңгімелесу "Мен өскенде кім боламын" Міндеті: Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдердегі сөздерді: сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру; Балалардың ниеті мен қалауы бойынша таныс заттарды мүсіндеу. (Қарым-қатынас іс-әрекеті) Әнұранды тыңдау, бірге айту. Міндеті: Мемлекеттік Әнұранды жатқа білу, оның маңыздылығын түсіну. Музыка тыңдау. Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру. (Танымдық іс-әрекет,	"Жақсы тілек" сәлемдесу Міндеті: өзіне деген сенімділікті арттыруға ықпал ету. Балалар допты шеңберге өткізіп, бір – біріне мақтау айтады-бұл адамға айтқысы келетін жағымды, жылы сөздер. (Танымдық іс-әрекет) Балалардың қалауы бойынша үстел ойындары. Дидактикалық ойын: «Бұл мамандыққа – жатпайды» Міндеті: Шығармашылық сөйлеу қызметі. Бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру. (Қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Сиқырлы сандық" сәлемдесу Міндеті Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Ана тіліндегі дауысты жіне айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз к – қ дыбыстарды дұрыс , анық айтуды үйрету. (Қарым-қатынас іс-әрекеті) Сюжеттік ойын: «Менің мамандығым". Міндеті: Өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге баулу. (Танымдық іс-әрекет)	Сәлемдесу "Аялы алақан". Міндеті: Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). (Қазақ тілі) Бірлескен қарым-қатынас: қызықты қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді істерді Жобалау (Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	Дидактикалық ойын: "Суретті сипаттап айтып бер". Міндеті: Менің Отаным- Қазақстан. Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік мерекелер, Қазақстан Республикасының рәміздерін, Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну. (Танымдық іс-әрекет) Дидактикалық ойын "Кімге не керек?" Міндеті: Жануарлар әлемі. Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау.

	музыка)				(Танымдық іс-әрекет)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгімелесу "мектеп жасына дейінгі балаларды үйде оқыту"..	Ата-аналарға кеңес беру «Еріксіз балалар жоқ, тәрбиелеумен бүлінген балалар бар»	Ата-аналармен жеке әңгімелер: «"Жоқ" деген сөз»	. "Эстетикалық мінез - құлық нормаларына тәрбиелей отырып, балаларды мәдени дағдыларға үйрету."кеңес	Ақыл-кеңес «Балаңызды тұмаудан сақтаңыз!»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дидактикалық ойын «Жыл құстары және қыстайтын құстарды ажырат» Міндеті: Жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау. (Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	Балаларды мультфильмдердің кейіпкерлерін қиып алуға шақыру Міндеті: қайшыны дұрыс пайдалана білуді қалыптастыру (Шығармашылық іс-әрекеті) Шығармашылық қызмет барысында қазақтың ұлттық әуендерін тыңдауды қосу. Міндеті: Музыка тыңдау. Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру. (Музыка)	Дидактикалық ойын «Кім? Не?» (зат есімдер) Міндеті: Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдердегі сөздерді: сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.Сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру; (Қарым-қатынас іс-әрекеті)	Сөздік ойын «Сөйлемді толықтыр» Міндеті: Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру Шарты: Балалардан сөйлемді аяқтауды өтіну: «Балалар гүлзардағы гүлдерге су құйып жатыр, себебі . . .». "Ағаштарда бір жапырақ қалмады, өйткені . . . " , "Аю қыста ұйықтайды, себебі . . . " және т.б. (Қарым-қатынас іс-әрекеті)	«Кім зейінді?» дидактикалық ойыны. Міндеті: Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау (Қарым-қатынас іс-әрекеті) Бақшаға арналған жиһаз» құрылыс ойындары , Айсұлу қуыршақтарға арналған үй ». Міндеті: Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру. (Шығармашылық іс-әрекеті)
Сөздік қор (минимум)	Жабайы жануар, тіршілік иесі, сылақшы	Тең-тең емес, жаңылтпаш, шымшық	Тиін, ұқсас, сиқырлы дорба	Құрылыс, сипатта, белсенді	Мимика, қарым-қатынас

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Аз қимылды ойын Көңіл күй жақсы болса, ұр шапалақ. 3 рет Ашу болып тұрсаң , жерді теп. 3 рет Қорқып тұрсаң, қолынменнен бетті жап, 3 рет Ұйқын келсе, екі қолды қосып жат 3рет <i>(Дене шынықтыру, қазақ тілі)</i>	Санамақ Бір аптада Бір аптаның күндері өтті: 1.Дүйсенбіде гүлдер ектім. 2.Сейсенбіде алма тердім. 3.Сәрсенбіде су әкелдім. 4.Бейсенбіде бақша баптап, 5.Жұма күні тақпақ жаттап, 6.Сенбіде мен саған бардым. 7.Жексенбіде бір демалдым. <i>(Танымдық іс-әрекет,қазақ тілі)</i>	Аз қимылды ойын Аспанда бұлт торлайды Жаңбыр жауды себелеп Кішкене бұтақ астына Тығылып алды сұр көжек. Жел үрлейді у-у, Құйын келіп билейді гу-гу, Қатты – қатты жел соқты. Жапырақтар қол <i>(Дене шынықтыру)</i>	Санамақ Сәл демалып, тыным ал. Тақпақ тындап, ұғып ал. Апта деген ағайдың Жеті бірдей ұлы бар: Біріншісі – Дүйсенбі, Екіншісі – Сейсенбі, Үшіншісі – Сәрсенбі, Төртіншісі – Бейсенбі, Жұма деген – Бесінші ұл, Алтыншы ұл – Сенбі, Жетіншісі – Жексенбі. <i>(Танымдық іс-әрекет,қазақ тілі)</i>	Аз қимылды ойын Сәлем, сәлем Шапалақ соғайық 2 рет Көкке керіліп, Аяқты ұстайық. Айналып тұрайық, Сәлем жолдайық. Сәлем, сәлем Аяқпен таптайық 2 рет Көкке керіліп, Аяқты ұстайық. Айналып тұрайық, Сәлем жолдайық. <i>(Қазақ тілі, музыка)</i>
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	1.Қоршаған ортамен танысу Міндеті:Мемлекеттік Әнұранды жатқа білу, оның маңыздылығын түсіну. Мемлекеттік мерекелердің (Тәуелсіздік, Республика күні, жаңа жыл, Наурыз, ғарышкерлер, аналар мерекесі, Отан қорғаушылар, балалар, астана күні) маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу. 2 Сөйлеуді дамыту Міндеті:. Сөйлемдердегі сөздерді: сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.Сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру;	1.Математика негіздері Міндеті:Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (пішіні) салыстыра білуге үйрету. 2.Қазақ тілі Міндеті:Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). 3.Музыка Міндеті:Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. 4.Көркем әдебиет Міндеті: Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай	1.Қоршаған ортамен танысу Міндеті:Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау. «Балалар», «трамвай аялдамасы», «автобус аялдамасы», «жаяу жүргіншілер жолы», «велосипед жолы» белгілерін білу. 2.Сауат ашу негіздері Міндеті: Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету. 3. Қазақ тілі Міндеті:Сөздерді жіктеп,	1.Математика негіздері Міндеті:Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру. 2. Музыка Міндеті:Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.	1. Сауат ашу негіздері Міндеті:Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету. 2. Математика негіздері Міндеті:Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру. 3. Шығармашылық іс-әрекет (Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру құрастыру) Міндеті:Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық

	3. Сауат ашу негіздері Міндеті: Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету. 4. Дене шынықтыру Міндеті: Спорттық жаттығулар. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.	отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру	тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. 4. Дене шынықтыру Міндеті: Спорттық ойындар. Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру.	3. Сөйлеуді дамыту Міндеті: Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. 4. Көркем әдебиет Міндеті: Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру	материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту. Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. 4.Дене шынықтыру Міндеті: Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау.
Тамақтану	Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қолдарын жуу, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.				
	Жуыну кезіндегі көркем сөз Су - тіршілік негізі, Онсыз өмір сүрмейсің. Гигиена егізі, Су деп және білгейсің. Су - табиғат байлығы, Өзен - көлге барғайсың. Кемі екі рет әр күні Суға түсіп алғайсың	Жуыну кезіндегі тақпақтар: Хош иісті сабынның Көбігіне малынып, Қолымызды жуамыз Барлық кірден арылып. Көкөністі жуып жеп, Қайнаған су ішеміз.	Тамақтану. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тамақтану дұрыс кезінде дұрыс отыруға дағдыландыру.	Жуыну кезіндегі тақпақтар: Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен, Таңертен де кешке де, Жуын күндіз-кешке де, Жуын күндіз-түсте де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезінде, Жуын тұрған мезгілде.	Жуыну кезіндегі мақал-мәтел: Су бергеннің сауабы бар, Су төкеннің жауабы бар. Ағын су жолын табады, Ақ адам оңын табады. Сумен ойнама – батарсың, Отпен ойнама – жанарсың

Балалармен жеке жұмыс	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру «Жануарлар қысқа дайындығы?» Міндеті: Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру А.Томирис, Дария	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту. «Көршісін тап» Міндеті: сандарды тура санауға, көршілерін ажырата білуге жаттықтыру. Дилия, Султан.	Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы «Түлкі мен қоян» Міндеті: Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау. <i>Т.Томирис, Гүльназ.</i>	Коммуникативтік дағдылары дамыту «Үйшік» ертегісін мазмұндауға үйрету. Міндеті: Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға үйрету. (Әдемі, Адия) физикалық дамуы «Қолымыз тап-таза» Міндеті: жуыну кезінде киімді суламау үшін жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін жаттықтыру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту. Адиль, Әділ.	Ойын «Мекенін тап» Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру Қоршаған ортамен таныстыру Ләпбукпен жұмыс « Мекенін тап» Міндеті: Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. Сәния, Нұрбақыт.
Серуенге дайындық	Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту. (Дене шынықтыру)	Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту. (Дене шынықтыру)	Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту. (Дене шынықтыру)	Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту. (Дене шынықтыру)	Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту. (Дене шынықтыру)
Серуен	Бақылау: Күз мезгіліндегі адамдардың киім киісін бақылау. Міндеті: Адамдардың нәліктен күз мезгілінде	Бақылау: Күзгі көріністі бақылау. Міндеті: Күз ерекшеліктерін айыра білуге ; күннің салқындауы, жаңбырдың жиі	Бақылау: Ауа-райын бақылау. Міндеті: Күннің қанша градусқа төмендегенін бақылау. Күзгі табиғат	Бақылау: Өткінші жаңбырды бақылау. Міндеті: Өткінші жаңбыр туралы түсінік беру. Жаңбырдың пайдасы ,	Бақылау: Шықты бақылау. Міндеті: Күз ерекшеліктерін көрсете түсіндіру, шықтың пайда

	жылырақ киінетіндігін балаларға айтып түсіндіру. Еңбек: Біздің ауламыз. Міндеті: Ауладағы түскен жапырақтарды жинауға балаларды тазалыққа, еңбекқорлыққа баулу. Жеке жұмыс: «Күзгі киім». Міндеті: Күзгі киім атауларын үш тілде үйрету. Қимылдық ойын: « Күн мен түн». Міндеті: Балаларды әр түрлі қимыл-қозғалсын дамыту, шапшаңдыққа, ептілікке , ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Қимылдық ойын: « Ортасына дейін кім бұрын жетеді?». Міндеті: Балалардың қимыл- қозғалысын дамыту, шапшаңдыққа , ептілікке , ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойын барысы: Екі қысқа жұмыр таяқ алынады. Ұзындығы 8 м жіпті екі шынан байлайды.Оның қақ ортасына лентемен байлап белгілейді. Балалар таяқтарды алады да, бір-бірінен алшақтап, екі жаққа қарай жіпті	жаууы, жапырақтардың сарғаюы, адамдардың жылы киінуі туралы түсінік қалыптастыру. Еңбек: Ойын алаңы. Міндеті:Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау.Балаларды еңбексүйгіштікке баулу. Өз алаңдарын таза ұстауға үйрету. Жеке жұмыс: «Күз» өлеңі. Міндеті:Күз мезгілінің ерекшелігін айтып, тақпақ жаттатқызып, сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілетін дамыту. Көрінеді шалғайдан, Бел-белестер сарғайған. Сары жапырақтар төгілген, Тоғайды да көрдім мен. Қимылдық ойын: «Қашпа, доп». Міндеті: Ойын шартын сақтай отырып, топ болып ойнауға, қимыл-қозғалысын дамытуға , ептілікке, шапшаңдыққа үйрету. Міндеті: «Жүгіріп өтуге үлгер». Міндеті:Ептілікке, шапшаңдыққа , батылдыққа тәрбиелеу, тез секіруге үйрету. Ойын барысы: Тәрбиеші балалардың біреуімен жіптің екі ұшын (ұзындығы 3-4м.) ұстап, оны жүгіріп келе жатқан балалардың бағытына қарай жайлап айналдырады.Балалар бірінен соң бірі, жіп жоғары көтерілген кезде жіптің астынан жүгіріп өтуге үлгеруі қажет. Тәрбиеші балалар қимылын реттеп отырады.Ол әрбір жүргізушіге: «Жүгірі!» деген сигнал береді.Әрі қарай жіптің өтуге тырысулары қажет.	құбылыстарын түсіндіру. Еңбек: Гүл тұқымдарын жинау. Міндеті:Гүлдің тұқымнан өсетінін түсіндіру, көктемде тұқымды гүлзарларға себетіндігіміз, тұқымнан гүл өсетіндігін түсіндіру. Жеке жұмыс:Сипап өткен самалға, Тербеледі сары алма. Көз салып едім бақшаға, Қауын біткен сары ала. Дидактикалық ойын: «Жемістер мен көкөністер». Міндеті:Жемістер мен көкөністерді ажырату.Олардың адам ағзасына тигізер пайдасын түсіндіру. Қимылдық ойын: «Тышқан мен мысық» Міндеті: Балаларды тату ойнауға үйрету .Тез жүгіруге , ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Қимылдық ойын: . «Доппен ұрып алу». Ойын барысы:Балалар дөңгеленіп тұрады.Тәрбиеші жүргізушіні тандап алады да , допты береді. «Бір, екі , үш» дегенде балалар жан- жаққа қашады. Жүргізуші доппен ұрады.Кімге тисе сол ойыннан шығады.Ойын осылай жалғасады. Еркін ойын:	жаңбыр жауғанына қарап егістікті, бау бақшаны , саяжайдағы көкөніс, жеміс –жидек бәрін қолдан жауындатып суарудың пайдасын ашып түсіндіру. Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту. Міндеті: Ағаш түптерін қопсыту арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру. Жеке жұмыс: «Еңбекпен ел көгерер, Жаңбырмен жер көгерер». Міндеті:Мақал үйрету арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру. Қимылдық ойын: «Допты қуып жет». Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшаңдыққа , ептілікке тәрбиелеу. Қимылдық ойын: «Кім тезірек?» Міндеті:Секіргішпен секіруге үйрету, секіру қабілетін дамыту, ептілікке тәрбиелеу. Ойын барысы: Балалар қолдарындағы секіргішпен алаңның бір жағына, бір-біріне бөгет жасамай сапқа тұрады.Олардан 15-20	болу жолы. Еңбек:Ағаш бұтақтарын жинау. Міндеті: Балалардың бірлесіп жұмыс жасауға баулу, бастаған істерін аяғына дейін тыңғылықты жасауға үйрету. Жеке жұмыс: «Менің Отаным» өлеңін жаттату. Отан –менің ата-анам, Отан-досым , бауырым. Отан-өлкем, астанам, Отан-туған ауылым. Міндеті: Отанын сүюге, құрметтеуге тәрбиелеу. Патриоттық сезімдерін арттыру. Ойын:«Қояндар секіреді». Міндеті: Қос аяқпен секіруге үйрету.Ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Қимылдық ойын: «Қаздар мен бақташы». Ойын барысы:Ойыншылардың ішінен қасқыр мен бақташы тандап алады.Басқа балалар болады.Ортадан бір сызық созылады.Ол- қаздардың үйі болады.Бақташы қаздарды жайып шығады.Олар далада жайылып жүреді. Бақташы: Қаздар, қаздар!? Қаздар: га,га,га
--	--	---	---	---	---

	таяққа орап, екі қолдарымен таяқты айналдыра бастайды да , алға қарай жылжиды. Жіпті лентаға дейін кім бұрын ораса , сол жеңген болып есептеледі.(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Дене шынықтыру	Дербес ойындар: • Қуаласпақ • Қояндар секіреді. (Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Дене шынықтыру, музыка	• «Қуыршақты киіндіреміз». • «Отбасы» Дене шынықтыру, Музыка (Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)	қадам қашықтықта сызық сызылады немесе жалаушалар байланған жіп тартылады. Балалар келісілген сигнал бойынша бір мезгілде сызыққа бағыттала секіреді.Тәрбиеші сызықтың үстіне түскен баланы белгілеп алады. Дене шынықтыру, музыка (Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)	Бақташы:тамақ жейсіндер ме? Қаздар: иә, иә, иә. Бақташы: Ендеше ұшындар. Қаздар:жоқ , аш қасқыр бар Жібермейді ол жолда Бақташы: тез ұшындар қалайда ! Осы кезде қаздар қанаттарын қағып ұшып бақташыға қарай жүгіреді. Қасқыр ұстағандарын жинап қояды. Екі рет ояңғандарында ауысып басқа балаларға кезек береді. Еркін ойындар. (Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Дене шынықтыру, музыка
Серуеннен оралу	Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол - аяқтарын жуу, тіс тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Сауықтыру-шынықтыру шаралары.Балалардың денсаулықтарын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну.				
	«Қалай шешіну керек?» шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен шешуге үйретуді жалғастыру.	Жуыну кезіндегі тапқартар: Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. Тазалықтың досы, Су дегенің осы. соңында.	Жуыну кезіндегі жұмбақтар: Ол суретің ұқсайды, Дәл қазіргі өзіңе. (айна) Одан кір қорқады Судан бұл қорқады. (сабын) Дәміде жоқ, түсіде жоқ Пайдаланбас кісі жоқ. (су)	Жуыну кезіндегі мақалдар: 1. Сусыз тіршілік жоқ. 2. Жер - қазына, Су – алтын. 3. Бұлақ көрсең көзін аш. 4. Сулы жер – нұрлы жер. 5. Тамшыдан теңіз құралады	«Біз ұқыпты баламыз» Киімдерін дұрыс бүктеулерін қадағалау.
Балалардың	Дидактикалық ойыны	«Суреттің екінші бөлігін салт»	«Кім жылдам	«Керісінше айт» ойыны	«Кім бірінші

дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Зат неге ұқсайды?» Міндеті: Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. (Танымдық іс-әрекет)	ойыны Міндеті: Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру (Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)	құрастырады?» ойыны Міндеті: Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру. (Шығармашылық іс-әрекеті)	(жылдам-баяу) Міндеті: Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). (Қазақ тілі)	атайды?ойыны Міндеті: Сан және санау. 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 8, сандарының пайда болуымен, «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату. (Танымдық іс-әрекет)
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды республикалық сайыстарға қатыстыру жайлы сөйлесу.	Мансұрдың тәртіптері жайлы ата-анасымен жеке әңгімелер жүргізу.	Қараша айының тамақ ақысын төлеу жайлы сөйлесу.	Үйде балалармен бірге кітаптарды көбірек қарау, оқу жөнінде ұсыныс білдіру.	Топтағы кітапхана бұрышынан Адия мен Әмирдің анасына кітап беру, демалыста баласымен кітап оқуға.

Әдіскер:



Борсанова А.С

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Жамбыл жалпы білім беретін мектеп»

Топ: мектепалды «А» сыныбы

Балалардың жасы- 5 жастағы

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)– 27 қараша-01 желтоқсан 2023 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі 27.11.23	Сейсенбі 28.11.23	Сәрсенбі 29.11.23	Бейсенбі 30.11.23	Жұма 01.12.23
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу.. Дидактикалық ойын: «Сәлемдесу» Балалар екі - үш жұптан бір - біріне қарап, әр түрлі елдің, адамдардың сәлемдесу рәсімін көрсетеді. (Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет)	Балалар өз отбасылары туралы әңгімелеп беру. Сюжеттік ойын: «Менің ата-әжем» Міндеті: Бала, оның отбасы, үйі. Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу. (Танымдық іс-әрекет)	«Гүлдене бер, Қазақстан!» Міндеті: Негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау. (Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)	«Менің Отаным» (өлең) Міндеті: Балаларды Отан сүйгіштікке баулу, өз еліне, жеріне деген патриоттық сезімін ояту. Балалардың сөздік қорын молайту, Тәуелсіздігімізге арналған жыр-шумақ, мақалдарды жатқа айтқызуға үйрету. Қазақ тілі Қарым- қатынас іс –әрекеті	«Менің Отаным» (өлең) Міндеті: Менің Отаным- Қазақстан. Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік мерекелер, Қазақстан Республикасының рәміздерін, Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну. (Танымдық іс-әрекет)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Ойын «Қоян» тақпақ жаттауға жаттықтыру, қоянның суретін салу Міндеті: Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау(басы, ортасы). Артикуляциялық жаттығулар жасау.Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану:	Кітаптар қарау. «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісін оқу Міндеті: кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін	Ойын «Төлін тап» Міндеті: Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Бақылаған заттың	Кітаптар қарау. «Қасқыр мен тиін» ертегісін оқу Міндеті: Тыңдау және тілді түсіну дағдыларын қалыптастыру, диалог түрінде сөйлеуге үйрету. Шығармалардың эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу. Бейнелерді бүкіл паракқа, бір сызықтың	Ойын «Көлеңкесін тап» Міндеті: Жануарлар жайлы білімдерін бекіту. Жануарлардың тіршілігі жайлы әңгімелеуге, өз ойларын толық жеткізуге жаттықтыру. Бақылаған жануарлардың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл

